



Автор: Смағұл Жетпіс Әбдіғалиұлы

Пән: Алгебра

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Қысқаша көбейту формулалары

Тақырып: Екі өрнектің қосындысының квадраты мен айырмасының квадраты

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.2.1.10 $a^2-b^2= (a-b)(a+b)$, $(a\pm b)^2= a^2\pm 2ab+b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: - қысқаша көбейту формулаларын ауызша тұжырымдай біледі; - ауызша тұжырымдалған қысқаша көбейту формулаларын жаза біледі; Көпшілік оқушылар: - көпмүшені көбейткіштерге жіктеу тәсілінің таңдалуын дәйектейді; Жекелеген оқушылар: - көпмүшені көбейткіштерге жіктеудің орындалуын түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар:	- екі өрнектің қосындысының квадраты; - екі өрнектің айырмасының квадраты; - екі еселенген көбейтінді;
Күтілетін нәтиже:	қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдан біледі;
Бағалау критерийлері:	қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, сыйластық, өзара түсіністік пен қарым-қатынас жасау қабілеті құндылықтарын қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/7-synyp/eki-ornekting-qosyndysynynng-kvadratny https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/7-synyp/negizderi-birdej-darezhelelrdi-kobejtu-zhane-bolu-korsetkishi-nolge-teng-darezhe https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/7-synyp/eki-ornekting-ajyrmasynynng-kvadratny
Пәнаралық байланыс:	Геометрия (тік төртбұрыштың, шаршының ауданын табу)
Бастапқы білім:	• Натурал және бүтін көрсеткішті дәрежелердің қасиеттері; • Бірмүшелер және көпмүшелерге амалдар қолдану.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Топтасу-зейіндерін шоғырландыру. Тақтаға 6 аффирмация көрсетіледі. Оқушылар біреуін таңдап, өз стикерлерін сол аффирмацияның реттік нөмірінің тұсына жабыстырады. Соңында тақтадағы стикерлер диаграмма түрінде орналасады. Ең көп дауыс жинаған аффирмацияны дауыстап айтады. 1) Біз табысқа жететінімізге толық сенімдіміз, біздің үнемі жолымыз болады 2) Біздің қабілеттеріміз әр күн сайын жақсаруда 3) Өзіме деген сенімділік үнемі менің жанымда 4) Бізге оқып, үйрену ұнайды, біз онымен қуана рахаттана, шабытпен айналысудамыз 5) Мен өзіме сенемін, табыстарға жететіндігіме сенемін 6) Бәрі менің қолымда. Мен тек ақылға негізделген, ең жақсы, ең ұтымды, ең тиімді шешім қабылдаймын	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	Тақырыпқа байланысты проблемалық ситуация: Берілген шаршының ауданын табыңыз (жұппен)	https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/7-synyp/eki-ornekting-qosyndysynyng-kvadraty https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/7-synyp/negizderi-birdej-darezheleldi-kobeitu-zhane-bolu-korsetkishi-nolge-teng-darezhe https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/7-synyp/eki-ornekting-ajyrmasyynyng-kvadraty
Сабақтың соңы (5 минут)	Қорытындылау. Мақсатқа кері оралу. Әр оқушыдан кері байланыс алу 80-100% --- 60-79% --- <60% --- itest.kz –тің тиімділігі – жіберілген қатені бірден көре алуы.	https://itest.kz/kz/exam-test?test_id=798384059 https://itest.kz/kz/exam-test?test_id=593457294
Рефлексия (3 минут)	Оқушылар бір-біріне кері байланыс жасайды	